

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 14

Жезқазған қаласы

12.06.2023

сағат 11.30

Облыстық қоғамдық кеңесі оффлайн форматында өтті.

Жиынды ОҚК төрағасы Бегенов Б.Ж. ашып жүргізіп отырды.

Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: Бекмағанбетов М.Е.,
Абжаппаров А. М, Ізтөлеуов Д.Д, Мукеева А.М, Токишова А.Ғ, Хамитов М.И,
Ахмет А.А; Тұрлыбек А.М; қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Маткенов М.К;

Белгісіз себеппен қатыспағандар: Оспанов С.Ж; Жаксыбеков Д.Д;

Бегенов Б.Ж: Құрметті әріптестер! Абай облысында болған өртте 14 орманшы қайтыс болды. Өте қиын жағдай. Отырысты бір минуттық үнсіздікпен бастайық.

Бегенов Б.Ж : Бүгінгі 22 мамырда өткен отырысқа облыс әкімінің барлық орынбасарларын Сонымен қатар облыс әкімінің барлық орынбасарларын шақырдық: Ұлантай Үсенов, Алмас Жандарбеков іс-сапарда. Аман Барікенов жұмыстан шығып кеткен. Айнұр Сыздыкова қаржы басқармасының басшысы еңбек демалысында. Сонымен жиында қатысып отырған :

1. Ғалымжан Құсманғали- облыс әкімінің орынбасары.

Облыстық басқармалардың басшылары:

1. Нұржан Орынбаев- Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

2. Дидар Мутәліпов- дене шынықтыру және спорт басқармасы

3. Қайрат Мұтаев- ауыл шаруашылығы мен жер қатынастарын дамыту басқармасы

4. Қуат Имантүсіпов- табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

5. Ермеков Ұлан Мұратович – тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары.

6. Ержан Сабырханұлы Бимағанбет- қаржы басқармасы басшысының м.ә

Күн тәртібіне шығарған мәселелер:

1. Жаңаарқадағы инфрақұрылым туралы.
2. Қарсақпайдағы ФОКты облыстың қарамағына кіргізу.
3. Жас мамандарға қандай жұмыс, жеңілдіктер жасалып жатыр?
4. Ұйтас -Айдостың тендерін кім ұтып алды? Қандай жұмыс атқарылып жатыр?
5. Келесіде Сенаторлар аймаққа келгенде, міндетті түрде ҚК мүшелерімен кездесу өткізсін, тек депутаттармен емес.
6. Ұлытауда шам көп сөнеді. Жұрттар апталап шамсыз отырады. Тіпті болмаса бір аварийный жедел бригада немесе қызмет жасақтау керек.
7. Электр қуаттарының жоғалтуын/потеря электроэнергии/ тексеру.
8. Инвест бағдарламалардың құжаттарын ҚК ұсыну/ Үсенов/.
9. Облыс төңірегіндегі стратегиялық маңызды нысандардың жеке меншік тұлғаларға инвестиция аясында берілуі және орталық атқарушы органдардың бақылау барысы.

10. Кешегі Абай облысында болған жағдайға байланысты Ғалымжан Құсманғали, Қуат Имантусупов қандай дайындық бар бізде?

Орынбаев Н.С.- Жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабылеттігін арттыру және оларды қажетті еңбек дағдылары мен бірінші жұмыс орнында бейімдеуді қамтамасыз ету мақсатында жұмыспен қамту орталықтары жұмыссыз жастарды алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

Алғашқы жұмыс іздеп жүрген түлектердің «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналасу кәсіптік білім туралы дипломда көрсетілген немесе білім беру профиліндегі ұқсаса мамандыққа / кәсіпке/ сәйкес жүзеге асырылады.

Алғашқы жұмыс орнының жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жергілікті бюджеттен ай сайынғы судсидия мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Бегенов Б.- Әріптестер. Баяндамадан сұрақтарға көшейік.

Бекмағанбетов М – биыл түлектермен агенттер кездесіп арнайы насихатр жүргізді ма?

Орынбаев Н.- жоқ. Өткізген жоқпыз. Бірақ болашақта көздеп отырмыз.

Бегенов Б -жастарды, жоғары оқу орындарын бітірген мамандарды қалай ынталандырасыздар? Бұрғын үй тапшы. Оны білесіздер. Сол жағын ұйымдастыру керек.

Орынбаев Н – тек қана көтерме ақшы,подъемные береміз. Егер қалалық жерге ол қаражатты жастар аздық көріп жатса,ауылда әжептеуір ақша. Үй жағын да қарастырып жатырмыз.

Тұрлыбек А -Қанша кәсіпкерге көмектестіңіздер?

Орынбаев Н- 9 үміткерден 7 алды. Барлығы 27 млн тг.

Тұрлыбек А- Олар ақшаны қалай жұмсалып жатқанын тексеріп жатырсыздар ма?

Орынбаев Н – Арнайы процедуралар бар. Оларға кәсібін ашуға, бәріне уақыт береміз. Сосын тексереміз.

Тұрлыбек А- КП /палата предпринимателей/ арқылы бір азамат өз ісін ашқысы келеді. Соған 5 миллион береміз деді. Ол еш нәрсеге жетпейді. Бағдарламаны жадандыру керек . Субсидияны тек қана үлкен кәсіптері бар азаматтарға ғана беріледі. Сол жағын реттеу керек.

Орынбаев Н- жаксы.

Абжаппаров А-қаражат бөлетін комиссияның құрамында МШЖ /ЛСИ/ барма ? Облыс құрылғаннан бері қатты өзгеріс көрінбейді. Керек десеңіз көлік қоятын тұрақ жоқ.

Орынбаев Н - Жұмысқа өз басым баяғыда Центра занятости арқылы жұмысқа. Кәзір көбісі бар жұмысқа тұрғысы келмейді.

Бегенов Б- Орынбаевтың есебі тыңдалды. Д.Мүтәліповта сөз кезегі.

Ахмет А- Кеңгір елді мекенінде спортпен айналысуға мүмкіндік қашан болады. Бізге кешен салына ма?

Мүтәліпов Д – 1 шілдеден бастап кіріседі құрылысқа.

Бегенов Б – Қарсақпайда не жасайтын болдыңыздар?

Мүтәліпов Д – балаларға арналған спорт мектебі / ДЮСШа/ жоспарлануда.

Мукеева А – Қабанбай батырда тұратын балалар спортпен шұғылдана алмайды. ҚТЖ үйлерінің біреуін беруге болама ?

Мүтәліпов Д – ол мүмкін емес. Өйткені біздің меншекке жатпайды.

Тұрлыбек А- Сәтбаев қаласындағы «Юность» стадионы жөндеуден өтпей жатып сынып жатыр.

Мүтәліпов Д -кәзіргі таңда құжаттар дайындалып жакын арада КГП ашылады.

Бекмағанбетов М – «Дельфин» бассейніне қатысты не айтасыз?

Мүтәліпов Д – Оны сатылымға қойды. Байқау жүріп жатыр.

Бегенов Б - рахмет. Сөз кезегін облыс әкімінің орынбасары Ғ.Құсманғалиға берейік.

Бегенов Б – Абай облысында болған өртке байланысты біздің облысымызда дайындық қалай өтуде?

Құсманғали Ғ -Бұл сала менің құзырымда емес, бірақ жауап берейін. Біздің жауапты мекемелер толығымен дайын.

Бекмағанбетов М – «Ұлытау» футбол командасында неге жергілікті балалар ойнамайды? Негізі ол команда бізге керек па? Неге бюджеттен оларға қаражат беріледі?

Құсманғали Ғ -команданың бюджеті, айлықтарын толығымен «Қазақмыс» компаниясының мойнында. Командада жергілікті 4 бала бар. Біз Қазақстан спорт Федерациясымен кездесіп біраз сұрақтарды жеткіздік.

Осы жерде туындайтын барлық сұрақтарды келіп, не звондап айтуларыңызға болады.

Абжаппаров А- темір жолындағы арнайы вагондарда МШЖ көбіне орын болмайды. Билет сатып алу қиындық туғызады. Әсіресе коляскада отыратындар қиналады. «Кедергісіз болашақ»бағдарламасы орындалып жатқан жоқ.

Құсманғали Ғ-Жаксы. ҚТЖ хат жолдаймыз.

Токишова А – МШЖ балаларға қандай іс-шаралар өткізіп жатырсыздар?

Құсманғали Ғ- Ата-аналарына ұйымдастырғамыз.Енді алдымызда 29 маусымда Сәтбаевта фестиваль ұйымдастыруды жоспарладық,қыркүйекте спорттық іс-шара өтеді.

Бегенов Б- Рахмет. Келесі сөз Мутаевқа беріледі.

Мутаев К- Бізге мамандар жетіспейді. Сондықтан, ҚК мүшелеріне өтініш, хат жазып берсеңіздер. Облыстың орынбасары У.Үсенов Астанада, біздің жақта мұнай өңдеу зауытын салу мәселесімен жүр. Әзірше Борсеңгір ауылы деп қарастырудамыз.

Бегенов Б- Мутаев мырза бізбен ардайым байланыста. Сондықтан сұрақ болса тікелей қоюға болады. Келесі мәселе. Ол Абай облысында болған өртке байланысты біздің өңірде дайындық қандай екен? Сөз кезегі Қ.Имантусуповта.

2023 жылғы өрт қауіпсіздік маусымға дайындық туралы ақпарат

Ұлытау облысының жалпы аумағы **18993,7 мың га**, оның ішінде облыс бойынша мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 2023 жылдың 1 қаңтарына **82 296 га** немесе **0,4%**, оның ішінде орманмен көмкерілгені – **14 205 га**. құрайды. Облыстың орманды өңірі - **0,1%** құрайды. Мемлекеттік орман қоры жерлері 4 мемлекеттік орман иеленушілерге тұрақты пайдалануға берілген, оның ішінде:

- **Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің** жалпы ауданы **58 912 га** немесе **0,3 %** , оның ішінде орманмен көмкерілгені **7 862 га** жерді құрайды;

- облыс әкімдігіне қарасты Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының құрылымдық бөлімшесі **орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Жаңаарқа шаруашылығы** коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ауданы **21 843 га** немесе **0,1 %**, оның ішінде орманмен көмкерілген **5 629 га** құрайды;

- **«Қазақстан Темір Жолы ұлттық компаниясы» АҚ**-ның филиалының мемлекеттік орман қорының жалпы көлемі **556 га**, оның ішінде орманмен көмкерілгені **294 га** құрайды;

- **«ҚазАвтоЖол «Ұлттық компаниясы» АҚ** мемлекеттік орман қорының жалпы көлемі **985 га** , оның ішінде орманмен көмкерілгені **420 га**.

Басқармамен Ұлытау облысының мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасақталып, облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілді.

Аталған жоспарға және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (№27-5/14-НҚ) "2022 жылғы өрт қауіпті маусымның қорытындылары және мемлекеттік орман қоры аумағында 2023 жылғы өрт қауіпті маусымға дайындық жөніндегі міндеттер туралы" бұйрығына сай инспекция мамандарымен облыстағы орман иеленушілердің 2023 жылғы өрт қауіпсіздік мерзіміне дайындығына тексеріс жүргізілді.

Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бойынша өрт қауіпсіздік кезеңіне:

- 2 дана УАЗ базасындағы шағын өрт сөндіру комплексі автокөлігі;
- 1 дана МТЗ-82,1 трактор сокасымен;
- 3 дана мотопомпа бар;
- 2 дана екі тонналық су тасымалдағыш;
- 25 дана ранцті су бүріккіш, сонымен қатар қолмен сөндіруге арналған сапалақ, күректер дайындалды және жанар-жағар май қоры 1 тонна жасақталған (0,5 тонна бензин, 0,5 тонна- дизельдік отын).

Бегенов Б.Ж -Күн тәртібіндегі келесі сұраққа көшейік.

Бегенов Б.Ж : Құрметті әріптестер! Алдындағы жиында,біз қоғамдық кенестің мүшесі Д. Жаксыбековтың тәртібін қараймыз деп шешім қабылдағамыз (22 мамырдың отырысында). Данияр мырза, өздеріңіз байқағандарыңыздай хабарсыз кетті. Не жиналысқа қатыспайды, не чатта жауап бермейді.


Ұлытау облысының қоғамдық кеңесінің құрамынын шығарылады. Дауысқа салайық.

Кім қолдайды – 9
Кім қарсы – 0
Кім қалыс қалды – 0

Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша Жаксыбеков Данияр мырза, Ұлытау облысының қоғамдық кеңестің құрамынан шығарылды.


Сонымен қатар, **Сакен Оспанов** мырза, соңғы кезде белсенділік танытып жүрген жоқ. Мысалға, бүгінгі отырысқа да қатысам, не қатыспаймын деген хабар түспеді. Ол кісіге соңғы ескерту.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Б.Ж.Бегенов

Қоғамдық кеңестің
хатшысы



С.К. Онгарбаева

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Жезқазған қаласы
12.06.2023
сағат 11.30

Облыстық қоғамдық кеңесі **оффлайн форматында** өтті.
Жиынды ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды.
Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Бекмағанбетов М.Е.,
Абжаппаров А. М, Ізтөлеуов Д.Д, Мукеева А.М, Токишова А.Ғ, Хамитов
М.И, Ахмет А.А; Тұрлыбек А.М;** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Маткенов М.К;

Белгісіз себеппен қатыспағандар: Оспанов С.Ж; Жаксыбеков Д.Д;

Бегенов Б.Ж : Құрметті әріптестер! Алдындағы жиында, біз қоғамдық кеңестің мүшесі Д. Жаксыбековтың тәртібін караймыз деп шешім қабылдағамыз (22 мамырдың отырысында). Данияр мырза, өздеріңіз байқағандарыңыздай хабарсыз кетті. Не жиналыска қатыспайды, не чатта жауап бермейді.

Ұлытау облысының қоғамдық кеңесінің құрамынын шығарылады.
Дауыска салайық.

Кім қолдайды – 9


Кім қарсы – 0

Кім қалыс қалды – 0

Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша Жаксыбеков Данияр мырза, Ұлытау облысының қоғамдық кеңестің құрамынан шығарылды.

Сонымен қатар, **Сакен Оспанов** мырза, соңғы кезде белсенділік танытып жүрген жоқ. Мысалға, бүгінгі отырыска да қатысам, не қатыспаймын деген хабар түспеді. Ол кісіге соңғы ескерту.

Ұлытау облысының
Қоғамдық кеңестің хатшысы:



С.Оңғарбаева